<p>Амирханов Ерқын Адамиянович</p>	<p>«Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>	<p>«ЦАТЕК» АҚ басқа қатысушыларымен</p>	<p>жоқ</p>

1967 жылы туған	«Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Басқарма Төрағасы - 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Директорлар Кеңесінің мүшесі - 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін, «ЦАТЕК» АҚ / Директорлар Кеңесінің Төрағасы - 2000 ж. қазіргі уақытқа дейін,	бірге, жанама түрде 69,9 %	
Кан Сергей Владимирович 1968 жылы туған	<i>«Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің мүшесі</i> «Қазақстанның келісім-шарт агенттігі» ЖАҚ / Бірінші Вице-президент – 2003ж. мен 2004ж. аралығында, «Нефтегазстрой» Холдингтік корпорациясы» ЖШС / Директорлар Кеңесінің Төрағасы - 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі - 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін.	«ЦАТЕК» АҚ басқа қатысушыларымен бірге, жанама түрде 69,9 %	жоқ
Омарова Тамара Таскеновна 1959 жылы туған	<i>«Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің мүшесі</i> «First Investment» АҚ / Директорлар Кеңесінің Төрағасы - 2003 ж. қазіргі уақытқа дейін, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор - 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін.	жоқ	жоқ
Ким Валерия Викторовна 1962 жылы туған	<i>«Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің мүшесі</i> «Каспийский Банку» АҚ / Басқарма Төрағасының орынбасары - 2003 ж. мен 2005 ж. аралығында, «Нефтегазстрой» АҚ холдингтік корпорациясы / Басқарма Төрағасы - 2005 ж. мен 2006 ж. аралығында, «Еуразиялық даму банкі» АҚ / Басқарма Төрағасының орынбасары - 2006 ж. мен 2007 ж. аралығында, «Нефтегазстрой» АҚ холдингтік корпорациясы / Басқарма Төрағасы –	Жоқ	жоқ

	07.02.2007ж. қазіргі уақытқа дейін/ Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор-2007 ж. қазіргі уақытқа дейін.		
--	--	--	--

Директорлар кеңесінің құрамындағы алдыңғы жылдар ішіндегі өзгерістер.

Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.	Директорлардың құрамына енген уақыты	Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан уақыты	Көрсетілген өзгерістердің себептері
Клебанов Александр Яковлевич	Наурыз 2004 жыл	Қазіргі уақытқа дейін	
Артамбаева Гүльнара Джумағалиевна	Наурыз 2004 жыл	Қазіргі уақытқа дейін	
Амирханов Еркын Адамиянович	Наурыз 2004 жыл	Қазіргі уақытқа дейін	
Кан Сергей Владимирович	Наурыз 2004 жыл	Қазіргі уақытқа дейін	
Омарова Тамара Таскеновна	Маусым 2004 жыл	Қазіргі уақытқа дейін	
Ким Валерия Викторовна	Мамыр 2007 жыл	Қазіргі уақытқа дейін	

2. «Эксимбанк Қазақстан» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2007 жылғы 7 мамырдағы № 2 хаттама) № 1 «Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ның орналастырылған акцияларын сатып алудың Ережесі және сатып алынатын акциялардың құнын анықтау әдістемесінің» Қосымшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

МАҚҰЛДАНДЫ

«Эксимбанк Қазақстан» АҚ

Директорлар кеңесі

13.04. 2007 жылғы

№ 19 хаттама

БЕКІТІЛДІ

«Эксимбанк Қазақстан» АҚ

Акционерлерінің жалпы жиналысы

2007 жылғы 7 мамырдағы

№ 2 хаттама

«Эксимбанк Қазақстан» АҚ орналастырылған акцияларды сатып алу ережелері және сатып алынатын акциялардың құнын анықтау әдістемесі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Эксимбанк Қазақстан» АҚ орналастырылған акцияларды сатып алу ережелері және сатып алынатын акциялардың құнын анықтау әдістемесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы заңнамасына және «Эксимбанк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі –

«Банк») Жарғысына сәйкес әзірленген және Банктің өзі орналастырған акцияларды сатып алу тәртібін және Банктің сатып алынатын акциялар құнын анықтау әдістемесін белгілейді.

1.2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы - мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы;
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушы - қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымы;
- 3) тіркеуші - Банктің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы.

1.3. Осы Ереженің қолданысы Банктің өзі орналастырған акцияларды сатып алу жағдайларына таралады:

- Банктің бастамасы бойынша;
- Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларда акционердің талап етуі бойынша;
- акционердің өтініші бойынша;
- сот шешімі бойынша.

1.4. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы оларды одан әрі сату, акционерлердің құқықтарын қорғау (Банкте Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес акционерге тиесілі Банк акцияларын сатып алу міндеті туындаған кезде) мақсатында немесе Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Банктің Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсаттарда жүзеге асырылады.

Банктің орналастырылған акцияларды акционер – Қазақстан Республикасы резидент еместерінен сатып алуы акционер – Қазақстан Республикасы резиденттері үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

1.5. Банктің осы Ережеде көзделмеген негіздер бойынша өзі шығарған акцияларды сатып алуы осы Ереженің 3-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше негіздемелер бойынша акцияларды сатып алу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. БАНКТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

2.1. Банктің мүдделерін ескере отырып және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Банктің Басқармасы Банктің Директорлар кеңесіне Банктің орналастырылған акцияларын Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдау туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте Банк Басқарамасының өтінішке мыналарды қамтитын акцияларды сатып алу жөніндегі ұсыныстар қоса берілуге тиіс:

- 1) орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуының негізділігі мен мақсаттарының негіздемесі;
- 2) Банктің сатып алуына ұсынылатын Банктің орналастырылатын акцияларының саны мен түрлері;
- 3) орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі;
- 4) акцияларды сатып алудың өзге де шарттары.

2.2. Басқарма өтінішімен келіскен жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

2.3. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген орналастырылған акцияларды сатып алуға тиым салатын негіздемелер болған кезде өз орналастырылған акцияларды сатып алуды жүзеге асыруға құқылы емес.

2.4. Банк сатып алатын акциялардың саны Банк орналастырған акциялардың жалпы санының 25%-нен аспауға тиіс, ал Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу шығыстары Банктің меншікті капиталының 10% аспауға тиіс:

- орналастырған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған кезде - Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің оған тиесілі акцияларын сатып алуды талап етуге құқық беретін бір немесе бірнеше шешімдерді қабылдау күніндегі жағдай бойынша;
- орналастырған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алған кезде – Банк орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдау күнгі жағдай бойынша.

2.5. Егер оның акционерлері сатуға мәлімдеген Банктің орналастырылған акцияларының жалпы саны Банк сатып алуы мүмкін акциялардың санынан асатын болса, сатып алуға мәлімделген акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына бара-бар сатып алынуы мүмкін.

Бара-барлық коэффициенті мынадай формула бойынша белгіленеді:

$K = A / C$, мұнда

K – бара-барлық коэффициенті;

A – Банктің сатып алуы мүмкін акциялардың жалпы саны;

C – Банк орналастырған акциялардың сатып алуға мәлімделгендерінің жалпы саны.

Банк акционерден сатып алатын акциялардың түпкілікті саны акцияларды сатып алуға акционер мәлімдеген санды бара-барлық коэффициентіне көбейту арқылы есептеп шығарылады.

2.6. Банк сатып алған акциялар Банктің акционерлері жалпы жиналысының қворумын анықтаған кезде есепке алынбайды және Банктің акционерлері жалпы жиналысында дауыс беруге қатыспайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

2.7. Осы Ереженің 2-бөлімінің нормаларының қолданысы осы Ереженің 3, 4, 5 және 6-бөлімдеріне қолданылмайды.

3. АКЦИЯЛАРДЫ БАНКТІҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

3.1. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің бастамасы бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңдарына, Банктің Жарғысында немесе осы Ережелерде өзгеше көзделмесе, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционердің келісімімен жүзеге асыра алады.

3.2. Банктің:

- акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп бекітілгенге дейін;
- егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің өз капиталының мөлшері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;
- егер акцияларды сатып алу кезінде Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Банкте оның барлық талап етілетін немесе сатып алу болжанатын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;
- егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің Жарғысында көзделген өзге де жағдайларда өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.

3.3. Банктің Директорлар кеңесінің өзі орналастырған акцияларын сатып алуы туралы шешімі сатып алынатын акциялардың санын, сатып алынатын акциялардың түрлерін, сатып алу бағасын немесе бағаны анықтау әдісін, оның ішінде сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзім және оның ішінде акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын және ол аяқталғаннан кейін Банк оларды сатып алудан бас тарта алатын мерзім, сондай-ақ орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуының өзге шарттары қамтылуға тиіс.

3.4. Банктің бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырған акцияларының саны олардың жалпы санының бір процентінен асатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) жасасқанға дейін Банк мұндай сатып алу туралы өз акционерлеріне хабарлауға міндетті.

3.5. Банктің өзі орналастырған акцияларын сатып алуы туралы хабарламасында өзі сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі туралы және оларды сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуға тиіс және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

3.6. Директорлар кеңесінің өзі орналастырған акцияларды Банктің сатып алуы туралы шешімі осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде Бас банк Банк филиалдарының назарына жеткізеді.

3.7. Банктің барлық филиалдарының тиісті құрылымдық бөлімшелері акционерлерді хабарландыру жөніндегі жұмыс орындарында Банктің өзі орналастырған акцияларды алдағы сатып алуы туралы хабарландырады (хабарламаны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, тиісті хабарламаның мазмұнын Банктің барлық филиалдарында орналастыру және т.с.с.).

3.8. Банк өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып түскен жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

3.9. Банктің акцияларды сатып алуы сатып алу-сату шартына қол қою жолымен жүзеге асырылады.

3.10. Акцияларды сатып алу бағасын анықтаған кезде Банктің Директорлар кеңесі мына әдістердің бірі бойынша анықталған баға бойынша акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдай алады:

- орташа өлшенген бағасы бойынша;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарықтық баға бойынша не Банктің маркет-мейкері сұранысының бағасы бойынша (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарықтық баға болмаған жағдайда);
- Банктің меншікті капиталының мөлшерін, оның даму келешектерін, Банктің пруденциалдық нормативтерді сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып және бағалы қағаздардың баға белгіленіміне ықпал ететін өзге факторларды ескере отырып белгіленген баға бойынша;
- Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен Банктің акцияларды сатып алу жөніндегі аукцион өткізу жолымен белгіленген баға бойынша.

3.10.1. Акцияларды орташа өлшенген баға бойынша сатып алу:

- Банктің орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алуы орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін орташа өлшенген бағасы бойынша жүргізіледі;
- акциялардың орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін орташа өлшенген бағасы бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығында жасалған мәмілелер бойынша да, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген жағдайлар мен тәртіпте шетелдік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалған мәмілелер бойынша есептеп шығарылады;
- Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін орташа өлшенген бағасын есептеу бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушылардың ресми деректері негізінде ғана жүргізіледі. Акциялардың орташа өлшенген акцияларының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі;
- егер Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күннің ішінде бағалы қағаздардың қазақстандық

ұйымдастырылған нарығында осы акцияларды сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер жасалған болса, олардың орташа өлшенген бағасы шетелдік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалған Банктің акцияларына акциялардың мәміле көлемдерін/Банктің акцияларына депозитарлық қолхаттарды ескере отырып есептеп шығарылады;

- бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығында Банктің акцияларымен мәмілелер болмаған жағдайда, Банк орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін акциялардың орташа өлшенген бағасын анықтау үшін Банк Банктің акциялармен немесе шетелдік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы депозитарлық қолхаттармен шығарылған акциялардың көлемдері туралы мәліметтер пайдаланылады. Бұл ретте егер Банктің акциялары бірнеше шетелдік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында бір мезгілде айналысқа жіберілмесе, Банк есептеулерді жүргізген кезде бағалы қағаздардың барлық ұйымдастырылған нарықтарындағы мәмілелер көлемдері туралы ақпаратты пайдалануға міндетті;
- белгілі бір уақыт кезеңі үшін акциялардың орташа өлшенген бағасы болып уақыттың осы кезеңі үшін ақшалай нысанда акциялармен жасалған мәмілелер көлемін мәміледегі акциялар санына бөлу нәтижесінде алынған баға танылады. Шығарылған акцияларды Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін акциялардың орташа өлшенген бағасы мынадай формула бойынша есептеп шығарылады:

$$C = V / A, \text{ мұнда}$$

C – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін акциялардың орташа өлшенген бағасы;

V – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн үшін бағалы қағаздардың қазақстандық/шетелдік ұйымдастырылған нарықтарындағы осы акциялар бойынша мәмілелерінің көлемі (барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді аталған кезең үшін акциялармен есептеп шығарылады);

A – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарлама жасау күнінің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялардың саны (барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді аталған кезең үшін акциялармен есептеп шығарылады).

3.10.2. Акцияларды ағымдағы нарықтық баға бойынша немесе маркет-мейкердің сұраныс бағасы бойынша:

- Банктің орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алуы Банктің Директорлар кеңесі Банк маркет-мейкердің сатып алу туралы шешімі қабылданған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан олардың ағымдағы нарықтық бағасы бойынша жүргізіле алады (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарықтық баға болмаған жағдайда). Бұл ретте ағымдағы нарықтық баға болып күн ішіндегі бағалы қағаздардың орташа өлшенген бағасы танылады.

3.10.3. Өз бастамасы бойынша Банк Банктің меншікті капиталының мөлшерін, оның даму келешектерін, Банктің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып және бағалы қағаздардың баға белгіленіміне ықпал ететін өзге факторларды ескере отырып белгіленген баға бойынша сатып алуға құқылы.

3.10.4. Банктің акцияларын сатып алу бойынша аукцион өткізу жолымен белгіленген баға бойынша сатып алу Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

4.1. Банк орналастырылған акцияларды сатып алуды:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім

қабылдаған (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Банктің мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;

3) акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда өзіне қойылуы мүмкін Банк акционерінің талап етуі бойынша жүргізуге тиіс.

4.2. Осы Ереженің 4.1-тармағында көрсетілген негіздемелер болған кезде акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша өтініш жіберу арқылы талапты Банкке қоюға құқылы.

4.3. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Банкке Банктің орналасқан жері бойынша жіберілуге тиіс.

4.4. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініш берген жағдайда Банк өзіне тиесілі акцияларды акционер өтініш берген күннен бастап отыз күннің ішінде сатып алуға міндетті. Акционердің өтінішін алған күн Банк Кеңесінде өтініштерді тіркеу күні болып табылады.

4.5. Банктің Директорлар кеңесі акционердің акцияларды сатып алу туралы талабын Банк акционердің өтінішін алған күннен бастап 25 күннен кешіктірмей қарастыруға тиіс. Банктің Директорлар кеңесі Осы Ереженің 4.1-тармағында көрсетілген негіздемелер болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген және Банктің өзі орналастырылған акцияларды сатып алуына тиым салатын өзге жағдайларда акционерге Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып акцияларды сатып алудан бас тарту туралы хабарламасын беруге міндетті.

4.6. Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде сатып алу туралы өтініш берген акционерге Банктің өзіне тиесілі акцияларды сатып алуы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы шешімінің мазмұнын қамтиды.

4.7. Банктің акцияларды сатып алуы сатып алу-сату шартына қол қою арқылы жүзеге асырылады.

4.8. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі.

- Банк акционерінің талабы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алу бағасы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан Банктің акцияларымен мәмілелердің бағасын және Банктің акцияларына сұраныс пен ұсыныстың бағасын ескере отырып нарықтық құн бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады (Кеңседе акцияларды сатып алуға акционердің өтінішін тіркеу күніндегі жағдай бойынша). Банктің меншікті капиталының мөлшері, Банктің даму жоспарына сәйкес оның өзгеріс перспективалары және бағалы қағаздардың баға белгіленіміне ықпал ететін өзге факторлар бағалы қағаздар нарығында мәмілелер болмаған немесе ұсыныстар мен сұраныстар бағасы болған жағдайда ескеріледі.
- Егер акционер сатып алудың ұсынылған бағасы бойынша Банкпен келіспеген жағдайда, тараптар өздерінің арасындағы уағдаластық бойынша сатып алу бағасын белгілеуге құқылы. Сатып алу бағасы бойынша тараптар келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

5. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

5.1. Өзіне тиесілі Банктің акцияларын сатуға ниеті бар Банктің акционері өзіне тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы туралы өтінішпен жүгінуше құқылы.

5.2. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы туралы өтініші жазбаша нысанда жасалуға және акцияларды сатып алудың шарттарын қамтуға тиіс. Өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішті акционер Банкке жіберуге тиіс.

5.3. Акционер сатып алуға ұсынатын акцияларды сатып алу туралы өтінішті Банктің Директорлар кеңесі қарастыруға тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі акционердің өтінішінде жазылған сатып алу шарттарымен келіспеген жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі акционер ұсынған шарттарда ұсынылатын акцияларды сатып алудан бас тартуға және Банктің Басқармасына мәміле шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционерлермен келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы.

5.4. Банктің Басқармасы сатып алудың шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөзге түскен жағдайда, сатып алу немесе бас тарту туралы түпкілікті шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

5.5. Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды ұсынған акционерге Банктің Директорлар кеңесінің қабылдаған оның акцияларын Банктің сатып алуы туралы шешімі, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ оның ішінде акционер сатып алу-сату шартын жасасу үшін келуге тиіс болған және оның ішінде Банк акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзім туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама жіберіледі. Банктің акционерден акцияларды сатып алу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі Банктің тиісті құрылымдық бөлімшесі арқылы ресімделеді.

5.6. Банктің акцияларды сатып алуы сатып алу-сату шартына қол қою арқылы жүзеге асырылады.

5.7. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі.

- Банктің акционердің өтініші бойынша шығарылған акцияларды сатып алу бағасы тараптардың уағдаластығы бойынша белгіленеді.
- Банк орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алудың бағасын анықтаған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан Банктің акцияларымен мәмілелердің бағасын және Банктің акцияларына сұраныс пен ұсыныстың бағасын ескере отырып нарықтық құнды басшылыққа алады. Банктің меншікті капиталының мөлшері, Банктің даму жоспарына сәйкес оның өзгеріс перспективалары және бағалы қағаздардың баға белгіленіміне ықпал ететін өзге факторлар бағалы қағаздар нарығында мәмілелер болмаған немесе ұсыныстар мен сұраныстар бағасы болған жағдайда ескеріледі.

6. АКЦИЯЛАРДЫ СОТ ШЕШІМІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

6.1. Күшіне енген тиісті сот шешімі болған кезде Банктің Директорлар кеңесі Банктің акционеріне тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

6.2. Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде акционерге Банктің Директорлар кеңесінің қабылдаған оның акцияларын Банктің сатып алуы туралы шешімі, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату

мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама жіберіледі.

6.3. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі.

- Сот шешімінің негізінде, егер сот шешімімен өзгеше белгіленбеген болса, шығарылған акцияларды Банктің сатып алу бағасы тараптардың уағдаластығы бойынша анықталады. Банктің Директорлар кеңесі Банктің Басқармасына шығарылған акцияларды Банктің сатып алу бағасы бойынша келіссөздер жүргізуді тапсыруы мүмкін.
- Банк орналастырылған акцияларды сатып алудың бағасын анықтаған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан Банктің акцияларының мәміле бағасын немесе Банктің акцияларына сұраныс пен ұсыныстың бағасын ескере отырып нарықтық құнды назарға алады. Банктің меншікті капиталының мөлшері, Банктің даму жоспарына сәйкес оның өзгеріс перспективалары және бағалы қағаздардың баға белгіленіміне ықпал ететін өзге факторлар бағалы қағаздар нарығында мәмілелер болмаған немесе ұсыныстар мен сұраныстар бағасы болған жағдайда ескеріледі.

Басқарма Төрағасы

Амирханов Е.А.

Бас бухгалтер

Ример Н.Г.

**Ішкі аудит қызметінің
Басқарма бастығы**

Г.А.Турдыева